

Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін Қарағанды облысының спортшыларына, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ спорттық ойын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамында ойнайтын спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне ай сайын ақшалай үлес төлемінің мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысының әкімдігінің 2020 жылғы 3 шілдедегі № 41/03 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 8 шілдеде № 5938 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысының әкімдігінің 2025 жылғы 25 шілдедегі № 41/07 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысының әкімдігінің 25.07.2025 № 41 /07 қаулысымен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқару туралы" , 2014 жылғы 3 шілдедегі "Дене шынықтыру және спорт туралы" заңдарына сәйкес Қарағанды облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін Қарағанды облысының спортшыларына, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ спорттық ойын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамында ойнайтын спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне ай сайын ақшалай үлес төлемінің мөлшері осы қаулыға қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қарағанды облысы әкімдігінің 2017 жылғы 26 желтоқсандағы №84/03 " Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командаларының) құрамына кіретін Қарағанды облысының спортшыларына, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының құрамдарында (ұлттық құрама командаларының) қатысатын спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне ай сайынғы ақшалай жабдықтылым төлемінің мөлшерін бекіту

туралы" қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4555 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электронды түрде 2018 жылдың 18 қаңтарында, "Индустриальная Караганда" газетінде 2018 жылғы 20 қаңтардағы №8 (22267) санында, "Орталық Қазақстан" газетінде 2018 жылғы 20 қаңтардағы №8 (22460) санында жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. "Қарағанды облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік жасайтын орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарағанды облысының әкімі

Ж. Қасымбек

Қарағанды облысы
әкімдігінің
2020 жылғы 3 шілдесі
№ 41/03
қаулысына қосымша

Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін Қарағанды облысының спортшыларына, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ спорттық ойын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамында ойнайтын спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне ай сайын ақпалай үлес төлемінің мөлшері

№	Жарыстардың атаулар	Орын	Спортшылар сомасы (теңге)	Жаттықтырушылар мен клуб командаларының жетекшілерінің сомасы (теңге)
1	Олимпиадалық, Паралимпидалық, Сурдлимпиадалық ойындар (жазғы, қысқы)	1	1 200 000	120 000
		2	1 000 000	100 000
		3	800 000	80 000
2	А з и я , Паралимпидалық Азия ойындары (жазғы, қысқы)	1	400 000	75 000
		2	350 000	60 000
		3	300 000	45 000
	Әлем Чемпионаты (ересектер арасында) : олимпиадалық, паралимпидалық,	1	700 000	70 000
		2	600 000	60 000

3	сурдлимпиадалық спорт түрлері бойынша	3	500 000	50 000
	Олимпиадалық емес спорт түрлері бойынша (жарыстарға кем дегенде 40 ел қатысқан кезде) ұлттық спорт түрлері	1	300 000	50 000
		2	250 000	40 000
		3	200 000	30 000
4	Әлем Кубогы (ересектер арасында) : олимпиадалық, паралимпидалық, сурдлимпиадалық, ұлттық спорт түрлері бойынша (Әлем Кубогы Кезеңдерінен басқа)	1	300 000	50 000
		2	250 000	40 000
		3	200 000	30 000
5	Бүкіләлемдік Универсиада (жазғы, қысқы)	1	300 000	50 000
		2	250 000	40 000
		3	200 000	30 000
6	Азия Чемпионаты (ересектер арасында) : олимпиадалық, паралимпидалық, сурдлимпиадалық, ұлттық спорт түрлері бойынша	1	250 000	50 000
		2	200 000	40 000
		3	150 000	30 000
7	Қазақстан Республикасының Спартакиадасы, Қазақстан Республикасының Чемпионаттары: олимпиадалық спорт түрлері бойынша (ересектер)	1	150 000	20 000
		2	130 000	20 000
		3	100 000	20 000
8	Халықаралық, республикалық жарыстар: олимпиадалық спорт түрлері бойынша (ересектер, жастар)	1	130 000	20 000
		2	100 000	20 000
		3	80 000	20 000
9	Жасөспірімдердің Олимпиадалық ойындары (жазғы, қысқы)	1	300 000	50 000
		2	250 000	40 000
		3	200 000	30 000

10	Әлем Чемпионаты (ж а с т а р) : олимпиадалық, паралимпиадалық, сурдлимпиадалық, ұлттық спорт түрлері бойынша	1	250 000	50 000
		2	200 000	40 000
		3	150 000	30 000
11	Әлем Чемпионаты (ж а с ж е т к і н ш е к т е р , ж а с ө с п і р і м д е р) олимпиадалық, паралимпиадалық, сурдлимпиадалық, ұлттық спорт түрлері бойынша,	1	200 000	45 000
		2	150 000	30 000
		3	120 000	20 000
12	Жасөспірімдердің Азия ойындары (ж а з ғ ы , қ ы с қ ы)	1	100 000	45 000
		2	70 000	30 000
		3	50 000	15 000
13	Азия Чемпионаты (ж а с т а р) : олимпиадалық, паралимпиадалық, сурдлимпиадалық, ұлттық спорт түрлері бойынша	1	100 000	15 000
		2	90 000	15 000
		3	75 000	15 000
14	Азия Чемпионаты (ж а с ж е т к і н ш е к т е р , ж а с ө с п і р і м д е р) олимпиадалық, паралимпиадалық, сурдлимпиадалық, ұлттық спорт түрлері бойынша, " Азия балалары" Халықаралық спорт ойындары	1	90 000	15 000
		2	75 000	15 000
		3	60 000	15 000
15	Қазақстан Республикасы Жастар спорт ойындары, Қазақстан Республикасының Чемпионаты спорттың олимпиадалық түрлері бойынша (ж а с т а р , ж е т к і н ш е к т е р)	1	80 000	15 000
		2	70 000	15 000
		3	60 000	15 000
16	Қазақстан Республикасының олимпиадалық спорт түрлері	1	70 000	15 000
		2	60 000	15 000

	бойынша Чемпионаты (жасөспірімдер)	3	50 000	15 000
17	Олимпиадалық спорт түрлері бойынша халықаралық, республикалық жарыстар (жас жеткіншектер, жасөспірімдер)	1	70 000	15 000
		2	50 000	15 000
		3	30 000	15 000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК